Приложение 2
к приказу председателя Комитета
по делам строительства и
жилищно-коммунального хозяйства
Министерства по инвестициям и
развитию
Республики Казахстан
от 5 декабря 2018 года
№ 249-нқ

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

ОСНОВАНИЯ ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ

ҚР ҚН 3.04-03-2018
СН РК 3.04-03-2018

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 17888 болып енгізілді

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 10.12.2018.

АЛҒЫ СӨЗ

1 ӘЗІРЛЕГЕН:	«Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» АҚ
2 ҰСЫНҒАН:	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің тәрағанын 2018 жылғы 5 желтоқсандағы бұйрығымен № 249-нқ

ПРЕДИСЛОВИЕ

4 РАЗРАБОТАН:	АО «Казахский научно-исследовательский и проектный институт строительства и архитектуры»
5 ПРЕДСТАВЛЕН:	Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
6 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:	Приказом председателя Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 5 декабря 2018 года № 249-нқ

Осы мемлекеттік нормативті сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті органы ведомствосының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения ведомства уполномоченного органа в области архитектуры, градостроительства и строительства.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 17888 болып енгізілді

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

Мазмұны

1-тарау	Қолдану саласы
2-тарау	Нормативтік сілтемелер
3-тарау	Атаулар мен анықтамалар
4-тарау	Мақсаты және қызметтік талаптар
1-параграф	Нормативтік талаптардың мақсаты
2-параграф	Қызметтік талаптар
5-тарау	Жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар
1-параграф	Жалпы ережелер
6-тарау	Негіздердің сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ететін талаптар
1-параграф	Негіздер топырақтары үшін қойылатын талаптар
2-параграф	Таутасты емес және таутасты негіздердегі орнықтылықты есептеу
3-параграф	Негіздердің сүзілулік есептеулері
4-параграф	Таутасты негіздердің жергілікті беріктігін есептеу
5-параграф	Таутасты емес негіздердегі құрылыстар үшін түйісу кернеулерін анықтау
6-параграф	Құрылыстар мен топырақтық материалдардан тұратын бәгеттер негіздерін деформациялар бойынша есептеу
7-параграф	Сейсмикалық аудандарда тұрғызылатын құрылыстар негіздерін жобалау ерекшеліктері
7-тарау	Негіздердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары
8-тарау	Құрылыстардың негіздерімен тоғысуын қамтамасыз ету
9-тарау	Негіздер топырақтарын нығайту және тығыздау
10-тарау	Энергия үнемдеу және табиғи қорларды ұтымды пайдалану
1-параграф	Энергия тұтынушылықтың азайтылуына қойылатын талаптар
2-параграф	Табиғи қорларды ұтымды пайдалану
11-тарау	Қоршаған ортаны қорғау

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 17888 болып енгізілді

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ОСНОВАНИЯ ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ
ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАР НЕГІЗДЕРІ

Қолданысқа енгізілген күні - 2018-XX-XX

1-тарау. Қолдану саласы

1. Осы құрылыстық нормалары барлық топтардағы гидротехникалық құрылыстардың, соның ішінде, гравитациялық, аркалық және контрфорстық бәгеттердің, сүйеме қабырғалардың, шлюздердің, шельфтік және кемежайлық құрылыстардың негіздерін, гидротехникалық құрылыстар орналасқан жерлердегі табиғи беткейлер мен жасанды құламаларды жобалауға арналған нормативтік талаптарды белгілейді.

2. Осы нормалардың талаптары жерасты гидротехникалық құрылыстарды және су шығындары секундына 5 метр кубтан (бұдан әрі – $м^3/с$) аспайтын мелиорациялық каналдардағы сушаруашылық құрылыстарын жобалауға тарамайды, сондай-ақ, су тереңдіктері 1 метрден (бұдан әрі – м) аспайтын кездерде.

2-тарау. Нормативтік сілтемелер

Осы құрылыстық нормаларды қолдану үшін келесі нормативтік құқықтық құжаттарға сілтемелер керек:

«Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Кодексі;

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы (бұдан әрі - Заң);

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылдың 13 қаңтардағы Заңы;

«Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1202 Қаулысы**;**

«Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 17888 болып енгізілді

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

маусымдағы № 439 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде тіркелген №15501 (бұдан әрі – Техникалық регламент).

Ескерту: Ұсынылған құрылыстық нормаларын қолдануда, сілтеме жасалған құжаттарды жыл сайын жаңартылып отыратын «Қазақстан Республикасы шекарасында қызмет атқаратын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық тізім», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға сілтеу», «Қазақстан Республикасының мемлекет аралық нормативтік құжаттарға сілтеу» құжаттары бойынша тексерген жән. Егер сілтеме құжаты ауыстырылған (әзгертілген) болса, онда ұсынылған құрылыс нормасын қолданғанда ауыстырылған (әзгертілген) құжатты қолданған жән. Егер сілтеме құжаты ауыстырымсыз алынып тасталса, онда оған сілтеме берілген ереженің бәлігі ғана қолданылады.

3-тарау. Атаулар мен анықтамалар

3. Осы құрылыс нормаларында, анықтамаларына сай келетін, келесі атаулар қолданылады:

1) жұмысшы сипаттамаларға қойылатын талаптар - құрылыс нысанының техникалық сипаттамаларына жауап беретін тұтынушыларға арналған және оларды қолдану кезіндегі нысанның талаптарын қамтамасыз ететін уәкілетті органдармен мақұлданған нормативтік талаптар;

2) жүктеме - бүкіл пайдаланылу мерзім бойы, орта мәнімен салыстырғанда уақытша әзгерісі елеусіз немесе белгілі бір шекті мәніне жеткенше әрқашан бір бағытта жүретін (бірқалыпты) шама түріндегі әсер;

3) негіз - құрылыспен әрекеттестенетін және ондағы, құрылысты орнату және пайдалану нәтижесінде, кернеулік-деформациялану күй мен сүзілулік жағдай әзгеретін топырақ сілемінің алабы (соның ішінде жағалаулық тұтасулар, құламалар мен беткейлер);

4) шәгулер - топырақтың, құрылымы түпкі әзгерістерге ұшырамаған жағдайдағы, сыртқы жүктемелер, кейде әз салмағы әсерінен нығыздалу деформациялары;

5) кедергі - құрылыс элементінің немесе оның кәлденең қимасының механикалық бұзылыстарсыз әсер қабылдау қабілеті, мысалы: топырақтың ығысуға деген беріктігі, майыстыру кедергісі, бойлық иілуге орнықтылық жоғалтпау кедергісі, созылу кедергісі.

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

4-тарау. Мақсаты және қызметтік талаптар

1-параграф. Нормативтік талаптардың мақсаты

4. Осы құрылыс нормаларының нормативтік талаптарының мақсаты гидротехникалық құрылыстар негіздерінің, оның барлық әмірлік кезеңдерінде қауіпсіздікті, беріктікті, тәзімділікті жер беті деформацияларының түрі мен шамасын болжау мүмкіндіктері болғанда, әмір, адам мен жануарлар денсаулығы, мүлікті сақтау пен қоршаған ортаны қорғау, энергетикалық тиімділікті қамтамасыз ету, сонымен қатар әндірістік процесс пен еңбек шарттарын, оның технологиялық және әзіндік ерекшеліктерін ескере отырып қамтамасыз ету болып табылады.

2-параграф. Қызметтік талаптар

5. Гидротехникалық құрылыстардың негізі техникалық, технологиялық және экологиялық әлшемдерге байланысты жобаланады:

1) пайдалану кезінде ақаулар мен бұзылуларсыз жобада қарастырылған барлық механикалық және технологиялық әсерлерге тәзе алатын гидротехникалық құрылыстардың беріктігі мен ұзаатығы;

2) нысанның әрт қауіпсіздігі – әрттің шығуы мен әрбуін болдырмау мүмкіндігімен, сондай-ақ, әрттің адамдарға және материалдық құндылықтарға тигізетін қауіпті әсерлерімен сипатталатын нысан күйі;

3) санитарлық-гигиеналық жағдайлар бойынша талаптарды сақтау;

4) сейсмикалық әсерлерден қорғау;

5) арнайы жобамен анықталған басқа талаптар.

Гидротехникалық құрылыстардың механикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, негіздерін қауіпсіздік әсерлер мен еселіктердің сипаттық сандық мәндерін қолдану арқылы жобалау керек. Гидротехникалық құрылыстардың негізін технологиялық нормаларды сақтау арқылы орнату керек, сонымен бірге, алдын ала ескерту және қорғау шараларын сақтай отырып пайдаланған жён.

5-тарау. Жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар

1-параграф. Жалпы ережелер

6. Гидротехникалық құрылыстардың негіздері келесілер негізінде жобаланады:

1) топырақ сілемінің аймақтарындағы құрылымдық, физикалық-механикалық және сүзілулік сипаттамалар, топырақтағы су деңгейлері, оның

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

қоректену және жайылу шектері жайындағы деректер енген инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық ізденістер мен зерттеулер нәтижелері;

2) гидротехникалық құрылыстарды ұқсас инженерлік-геологиялық жағдайларда және жергілікті құрылыс жағдайларында орнату тәжірибесі;

3) орнатылатын гидротехникалық гимаратты сипаттайтын мәліметтер (түрі, конструкциясы, әлшемдері, орнату технологиясы, әсер ететін жүктемелер, әсерлер, пайдалану жағдайлары және тағы сондайлар);

4) құрылыс орнатылатын ауданның сейсмикалық белсенділігі жайындағы мәліметтер;

5) жобалық шешімдер нұсқаларының техникалық-экономикалық салыстырылуы және орнатылатын гимараттың материалы мен негіз топырақтарының беріктік және деформациялық қасиеттерінің толық пайдалануын қамтамасыз ететін, ең аз келтірінді шығындарға сай, оңтайлы нұсқасын қабылдау.

7. Гидротехникалық құрылыстардың пайдаланылу сенімділігін, тәзімділігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жобада келесі қарастырылады:

1) негіздің есептік үлгісі қоса құрастырылған, құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық бағалануы; негіздің кәтеру қабілеті мен құрылыс орнықтылығының, табиғи және жасанды беткейлер мен құламалар орнықтылығының, жергілікті беріктіктің, негіздің сүзілулік беріктігінің, судың кері қысымы мен сүзілулік шығындардың есептеулері;

2) негіз деформациялану салдарынан туындайтын құрылыс ауытқуларының, құрылыс пен негіздің түйісуіндегі кернеулердің шамаларын анықтау және кәтеру қабілеттің ұлғаюына, ауытқулардың азаюына және қажетті қауіпсіздікті қамтамасыз етуіне мүмкіндік беретін инженерлік шаралар.

8. Негізге түсетін жүктемелер мен әсерлер, нормативтік құжаттар талаптарына сай, құрылыс пен негіздің біріге жұмыс атқаруына сүйенетін есептеулермен анықталады. Негіз есептеулеріндегі жауапкершілік дәрежесі сәйкес еселіктер, оларға орнатылатын құрылыстар үшін анықталғандай болып қабылданады.

9. Гидротехникалық құрылыстар негіздерінің есептеулері шекті күйлердің екі тобы бойынша жүргізіледі. Бірінші топ бойынша құрылыс-негіз жүйесінің жалпы орнықтылығы мен негіздің сүзілулік беріктігі есептелінеді. Екінші топ бойынша құрылыстар ауытқуларының, негіздің жергілікті беріктігінің және каналдың немесе арнаның бітеліп қалуын тудыратын беткейлер мен құламалар орнықтылығының, топырақтың жылжымалылығы мен жарықтар пайда болуының есептеулері орындалады.

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

6-тарау. Негіздердің сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ететін талаптар

1-параграф. Негіздер топырақтары нгшін қойылатын талаптар

10. Гидротехникалық құрылыстар негіздері топырақтарының атаулары мен олардың физикалық-механикалық сипаттамаларын анықтайды. Топырақтардың физикалық-механикалық сипаттамалардың мәндері жіктеулік шамалар сияқты қарастыру керек.

11. Гидротехникалық құрылыстардың негіздерін жобалау үшін топырақтардың келесі физикалық-механикалық сипаттамалары анықталады:

1) сүзілу еселігі;

2) меншікті сусіңіру;

3) топырақтардың сүзілулік беріктігінің кәрсеткіштері (қысымның жергілікті және орташаланған шекті градиенттері және сүзілудің шекті жылдамдықтары);

4) тығыздалу еселігі;

5) суға еритін тұздар мәлшері;

6) жылжымалылық, жарықтар (жарықшақтық модулі, құлау және жайылу бұрыштары, ашылуының ұзындығы, ені);

7) жарықтар толтырылымының (толтырылу дәрежесі, құрамы, қасиеттерінің сипаттамалары) әлшемдері;

8) сілемдегі бойлық және кәлденең толқындардың таралу жылдамдықтары;

9) аяздан қабару еселігі;

10) қабарудың меншікті тік және жанама күштері және жекешеленген (элементарлық жыныстық блоктың) таутасты топырақтың біркелкі сығылу беріктік шегі;

11) жекешеленген таутасты топырақтың біркелкі созылу беріктік шегі;

12) таутасты топырақ сілемінің жапырылу, біркелкі сығылу, біркелкі созылу беріктік шектері;

13) топырақтың серпінді су қайтару еселігі;

14) топырақтың гравитациялық су қайтару еселігі.

12. Топырақтарды жіктегенде сипаттамалардың нормативтік мәндері қолданылады, ал жобалау есептерін шығарғанда-есептік мәндері. Топырақтар сипаттамаларының нормативтік мәндері, қарастырып отырған құрылыс-негіз жүйесіндегі топырақ жұмысының жағдайларына әте жақын жағдайларда әткізілген далалық және зертханалық зерттеулер нәтижелері негізінде, анықталынады. Барлық сипаттамалардың нормативтік мәндері ретінде олардың

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

орташа статистикалық мәндері қабылданады. Топырақтар сипаттамаларының есептік мәндері, сипаттамалардың нормативтік мәндерін топырақ бойынша сенімділік еселігіне бөліп анықталады.

13. Үш бағытта сығу әдісі, I топтағы әзендік гидротехникалық құрылыстардың барлық түрдегі негіздердің топырақтары үшін және иленгіш күйлердегі сазбалшықты топырақтардың, соның ішінде, тұрақсыз күйдегі сипаттамаларды алу үшін қолданылады. Сипаттамаларды тұрақсыз күйде анықтауға негіздеме болса, тез қию(ығыстыру) әдісін қолданады. I–III топтардағы құрылыстардың барлық түрдегі негіздер топырақтары үшін, аталған зертханалық әдістерге қосымша, далалық жағдайларда штамптарды (бетонды және темірбетонды гимараттар үшін), топырақтық кентіректерді (топырақтық құрылыстар үшін) ығыстыру, сонымен қатар, зондтау және айналдыра қию әдістерімен де (құрылыстардың барлық түрлері үшін) сынақтаулар жүргізіледі.

14. Қысымның жергілікті шекті градиентінің есептік мәні, топырақтарды зертханалық немесе табиғи жағдайларда суффозиялық орнықтылыққа сынақтау жолымен, топырақтардың суффозиялық орнықтылығын есептік бағалау әдістерін пайдалана анықталады.

15. Серпінді және гравитациялық су қайтару еселіктерінің нормативтік мәндері, табиғи жағдайларда, белгілі бір нүктедегі (мысалы сынақтық ұңғымада) қысым әзгергендегі негіздің инженерлік-геологиялық элементіндегі судың қысымдары мен деңгейлерінің әзгеруін бақылау нәтижелері бойынша анықталады.

16. Деформация модулінің, тығыздалу және кәлденең деформациялар, сүзілу, серпінді және гравитациялық су қайтару еселіктерінің, жылжымалылық әлшемдерінің есептік мәндері нормативтік мәндеріне тең етіліп қабылданады.

17. Таутасты топырақтың біркелкі сығылу және созылу, сондай-ақ таутасты топырақ сілемінің жапырылуы беріктік шектерінің нормативтік мәндері жеке сынақтардан алынған осы сипаттамалардың жекеменшік мәндерінің арифметикалық орташасы ретінде қабылданады. Біркелкі сығылу беріктік шегін анықтау үшін, таутасты кентіректерді біркелкі сығу әдісімен жүргізу ұсынылады, ал біркелкі созылу беріктік шегін-бетондық штамптарды немесе таутасты кентіректерді түйісуі бойынша жұлу әдісімен, сондай-ақ, таутасты топырақ сілемінің жапырылу, біркелкі созылу және біркелкі сығылу беріктік шектері топырақ бойынша сенімділік еселігін ескере отырып немесе біржақты сенімгерлік ықтималдық талаптарына сай анықталады.

18. Таутасты топырақтар сілемінің деформациялану сипаттамаларының (деформация модулінің, кәлденең деформациялар еселігінің, бойлық және кәлденең толқындардың таралу жылдамдықтарының) нормативтік мәндері осы инженерлік-геологиялық элемент үшін жеке сынақтардан алынған бұл сипаттамалардың жекеменшік мәндерінің арифметикалық орташасы түрінде анықталады. Және де, деформация модулі мен кәлденең деформация еселігінің жекеменшік мәндерін алуға арналған сынақтар таутасты топырақ сілемін

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

статикалық жүктеу, ал бойлық және кәлденең толқындардың таралу жылдамдықтарының-динамикалық (сейсмоакустикалық немесе ультрадыбыстық) әдістерімен жүргізіледі.

19. Жарықтардағы (қабатшалардағы, тектоникалық ұсақтану аймақтарындағы) су жылжуының аумалық жылдамдылығының нормативтік мәндері, жарықтардың (қабатшалардың, ұсақтану аймақтарының) толтырғышының суффозиялық сынақтарының нәтижелері бойынша анықталады. Су жылжуының аумалы жылдамдығының есептік мәндері нормативтік мәндеріне тең етіп қабылданады.

20. Серпінді және гравитациялық су қайтару еселіктерінің нормативтік және есептік мәндерін табиғи жағдайлардағы сынақтар нәтижелері бойынша анықтайды.

21. Таутасты топырақтарда әртүрлі бағыттарда деформациялануы және беріктігі бойынша изотроптық және анизотроптық қасиеттері ескеріледі. Анизотропия еселігі берілген екі бағыттағы сипаттаманың үлкен мәнінің кіші мәніне деген арақатынасы деп түсіндіріледі.

2-параграф. Таутасты емес және таутасты негіздердегі орнықтылықты есептеу

22. Жүктемелердің бірігу еселігі ескерілгендегі қорытындыланған ығыстыратын күштердің есептік мәндері, шекті кедергі күшіне немесе бұрғысы (аударуы) және құрылысты ұстап қалғысы келетін және құрылыстардың жауапкершілік дәрежесінің сенімділігі мен жұмыс жағдайларының еселіктері ескеріле анықталған бұраушы күштерден кем немесе тең болу шарты құрылыстың, құрылыс-негіз және беткейлер (сілемдер) жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету әлшемі болып табылады.

23. Құрылыстар мен топырақтық сілемдердің орнықтылығының есептеулері шекті күйлердегі тепе-теңдіктің барлық шарттарын қамтамасыз ететін әдістермен жүргізіледі. Нәтижелері құрылыстардың жобалану, құрылыс және пайдалану тәжірибесімен тексерілген басқа да есептеу әдістерін де қолдануға болады. Орнықтылықтың есептеулерінде құрылыстардың, құрылыс-негіз және беткейлер (сілемдер) жүйесінің орнықтылық жоғалтуының барлық физикалық және кинематикалық мүмкін деген сұлбалары қарастырылғаны жөн.

24. Таутасты емес негіздердегі гравитациялық құрылыстар орнықтылығының есептеулерінде жазықтық, аралас және терең ығысу сұлбалары бойынша орнықтылық жоғалту мүмкіндіктері қарастырылады. Ығысу сұлбасы құрылыс түріне, негіздің жіктеулік сипаттамасына, жүктелу сұлбасына қарасты қабылданады. Аталған ығысу сұлбалары ығысудың үдемелі және бұрала ығысу түрлерінде де байқалады. Құрылыстар, негіздері табиғи немесе жасанды құламалар немесе олардың қырлары болған жағдайда да

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

құламаның онда орналасқан құрылыспен бірге қирауының жалпы сұлбасы қарастырылуы тиіс.

25. Негіздерін құмды, ірі кесекті, қатты және жартылай қатты, қатқыл және оңай иленетін сазбалшықты топырақтар құрайтын гравитациялық құрылыстар (кемежайлықтан басқа) орнықтылығының есептелуі жазықтық бойынша ығысу сұлбасына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте, нығая сығылатын құрылыс табанын ені дренаж орналасқан бәліктегі қабаттың есептік қалыңдығын су таяныш пен негізде дранажды қабаттың бар болуына байланысты ескереді.

26. Құрылыстар орнықтылығы жазықтық бойынша ығысу сұлбасына сәйкес есептелінгенде, есептік ығысу беті келесі жазықтықтар түрінде қабылданады:

1) құрылыстың табаны жазық болғанда – орнықтылықты, құрылыс табанының жоғарғы шеті арқылы әтетін ығысу жазықтығы бойынша міндетті түрде тексерілген, оның негізге орнатылу жазықтығы;

2) құрылыс табанында жоғарғы және тәменгі тістер болғанда: жоғарғы тістің салу тереңдігі тәменгілердікінен кем болмаса – тістер табаны арқылы, сондай-ақ жоғарғы тіс табаны арқылы;

3) тәменгі тіс салу тереңдігі жоғарғылардікінен асқан жағдайда – жоғарғы тіс табаны бойынша (бұл жағдайда тәменгі тістің түгел тереңдігі бойынша анықталатын, тәменгі бьеф жағындағы топырақтан берілетін кері қысымды қарастырмағандағы, барлық күштерді аталған жазықтыққа жатқызған жән) әтетін кәлденең жазықтықтар;

4) құрылыс негізінде тасты тәсем болғанда – құрылыс пен тәсем және тәсем мен топырақ түйісулері арқылы әтетін жазықтықтар;

5) тасты тәсем топыраққа ендірілген болса, кәлбеу немесе сынық жазықтықтарды да қарастырған жән.

27. Құрылыстар орнықтылығы жазықтық бойынша ығысу (бұрылыссыз) сұлбасына сәйкес есептелінгенде шекті кедергі мен ығыстыру күшінің есептік мәндері анықталынады.

28. Есептік ығыстыру күш табан жазықтығында ортадан тыс түскен кезде, құрылыс орнықтылығының есептелуі жазықтық бойынша құрылыс жоспарында бұрылумен ығысу сұлбасына сәйкес жүргізіледі.

29. Құрылыстар орнықтылығының аралас ығысу сұлбасына сәйкес есептелінуі біртекті негіздердегі құрылыстар үшін барлық жағдайларда жүргізіледі. Және де ығысуға деген негіздің кедергісі жазықтық бойынша ығысу және жоғары қарай да ығысу кедергілерінің қосындысына тең етіп қабылданады. Құрылыстар орнықтылығын аралас ығысу сұлбасына сәйкес есептегенде шекті кедергі күш Мор-Кулон заңы ескеріле анықталынады. Кемежайлық құрылыстар үшін орнықтылық есептелуін аралас ығысу сұлбасына сәйкес жүргізбеуге болады.

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

30. Құрылыстар орнықтылығының терең ығысу сұлбасына сәйкес есептелінуі тек қана тік жүктемені кәтеретін құрылыстардың барлық түрлері үшін жүргізіледі, ал кемежайлық құрылыстар үшін-жүктеме түріне қарамастан, сонымен қатар тік және кәлденең жүктемелерді кәтеретін және әртекті негіздерде орналасқан құрылыстар үшін белгілі бір жағдайларда.

31. Кемежайлық құрылыстар орнықтылығы, ығыстырылатын топырақ сілемінің құрылыспен бірге ығысудың сынық жазықтықтары бойынша үдемелі және ығысудың дөңгелекцилиндрлі беттері бойынша айнала ауытқуларын қарастыратын екі әдістермен жүргізіледі. Әдістердің екеуі де пайдаланылған жағдайда, құрылыстың кішірек сенімділігін кәрсететін шарт қойылған әдістің нәтижелері орнықтылық есептелінуінің анықтағыш нәтижелері болып қабылданады.

32. Суға қаныққан сазбалшықты топырақтардан құралған негіздердегі құрылыстар орнықтылығын есептегенде, топырақтың нығая сығылу дәрежесіне сай ішкі үйкеліс бұрышы мен ілініс күшінің мәндері қабылданады немесе топырақтың тұрақталған күйіндегі сәйкес сипаттамаларға кеуектілік қысым (тәжірибелік немесе есептік жолмен анықталған) еңгізіледі.

33. Таутасты негіздердегі құрылыстар, таутасты құламалар мен беткейлер орнықтылығы жазықтық немесе сынық есептік беттер бойынша ығысу сұлбаларына сәйкес есептелінеді. Таутасты негіздердегі бетонды және темірбетонды құрылыстар үшін құрылыс тәменгі қырының астындағы негіздің қоса қирауымен шекті бұрылыс (аударылу) сұлбасы қарастырылады. Бұл жағдайда құрылыстың (құламаның, беткейдің) кішірек сенімділігін кәрсететін шарт қойылған сұлба бойынша жүргізілген есептеулер нәтижелері орнықтылық есептелінуінің анықтағыш нәтижелері болып табылады. Ығысудың есептік беті жазық болғанда орнықтылық бұзылуының екі мүмкін деген сұлбалары қарастырылады: үдемелі ығысу және жоспарда бұрала ығысу. Ығысудың есептік беті сынық сызық түрінде болғанда үш мүмкін деген сұлбалары ескеріледі: сынық беттің қабырғаларын бойлай ығысу (бойлық); сынық беттің қабырғаларына кәлденең ығысу (кәлденеңдік) және сынық беттің қабырғаларына бұрыш бойынша ығысу (қиғаш); Құрылыстың немесе құламаның (беткейдің) орнықтылық жоғалтуының сұлбасын таңдау және ығысудың есептік беттерін анықтау, таутасты сілемнің жарықшақтығын бейнелейтін негізгі құрамдастар (орналасуы, ұзақтығы, қалыңдығы, жарықтардың кедір-бұдырлығы, олардың жиілігі және с.с) және әлсізденген қабатшалар мен аймақтардың бар болуы жайындағы инженерлік-геологиялық құрылымдық үлгілерді саралау мәліметтерін пайдалану арқылы жүргізіледі.

34. Құрылыстар мен таутасты құламалар (беткейлер) орнықтылығын үдемелі және бойлық ығысулар сұлбалары бойынша есептегенде шекті кедергі мен ығыстыратын күштердің есептік мәндері анықталып, белсенді ығыстыру күштің (ығысу бағытына тусетін есептік жүктеме теңәсері проекциясының) мәндерімен салыстырылады.

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

35. Тіректік сілемдердің немесе қайта толтырылымдардың кедергі күштерінің есептік мәндерін кері кедергі күштің есептік мәнін ескере анықтайды. Осы сілем ығысып кетуі мүмкін әлсіздену беті бар тіректік сілем үшін кері кедергі күшінің мәнін ішкі үйкеліс бұрышы мен ілініс күші сипаттамаларын ескермей анықтайды.

36. Құрылыстар мен таутасты құламалар (беткейлер) орнықтылығын жоспарда бұрала ығысу сұлбасы бойынша есептегенде, үдемелі қозғалыс болжамымен анықталатын күштермен салыстырғанда ығысу кедергісінің азаю мүмкіндігі ескеріледі.

37. Құрылыстар мен таутасты құламалар (беткейлер) орнықтылығын кәлденең ығысу сұлбасы бойынша есептеуді қирау(ығысу) призмасын әзара әрекеттесетін элементтерге жіктеп жүргізеді. Қирау (ығысу) призмасы ығысу бетінің түріне, призма таутасты сілемінің құрылымына және оған әсер ететін күштердің таралуына сай жіктеледі. Ығысу беті бойынша әрбір элемент шектерінде таутасты топырақтың беріктік сипаттамалары тұрақты болып қабылданады. Қирау призмасының жіктелу бағыттарының және есептеу әдістерінің таңдалуы сілемнің геологиялық құрылымына байланысты жүргізіледі. Қирау(ығысу) призмасын қиып әтетін әлсізденген беттер болса, онда призманы шекті тепе-теңдік күйге жеткізуі мүмкін элементтер арасындағы ажыратылу жазықтықтары осы әлсізденген беттер бойынша әткізіледі.

38. Орнықтылықтың қиғаш ығысу сұлбасы бойынша есептелуі, сілемнің ығысу бағыты, ығысу жазықтықтарының қабырға бағытымен сәйкес келмегенде жүргізіледі, мысалы, аркалық бәгеттердің жағалаулық тіректерінің орнықтылығын және ұқсас сілемдердің орнықтылығын есептегенде.

39. Бетонды құрылыстар орнықтылығы шекті бұрылыс (аударылу) сұлбасы бойынша есептелінгенде аударатын күштер әсері тудырған құрылыстың астыңғы қырындағы негіздің жапырылуға деген беріктігі бұзылу салдарынан оның бұрылуынан немесе еңкеюінен орнықтылықты жоғалтуын тексереді.

3-параграф. Негіздердің снзілулік есептеулері

40. Гидротехникалық құрылыстың негізін жобалағанда негіз топырақтарының сүзілулік беріктігі қамтамасыз етіледі, техникалық-экономикалық кәрсеткіштері бойынша рауалы сүзілулік шығындар мен сүзілетін судың құрылыс табанына түсіретін кері қысымы белгіленеді. Бұл ретте келесі жайттар анықталынады:

1) сүзілулік ағынның еркін бетінің түрі (депрессиялық бет) және оның шығу жерлерінің орналасуы;

2) сүзілулік ағын қысымының, оның бәсеңдеу жерлеріндегі және сүзілулік қасиеттерімен және кеуектілік кеңістік құрылымымен ерекшеленетін

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

топырақтар тоғысатын жерлердегі , ең алдымен құрылыстың жерасты пішінін жағалай таралуы,;

3) негіздің ерекшеленген жерлеріндегі сүзілулік шығындар;

4)сүзілулік ағынның негіз топырақ сілеміне деген күштік әсері;

5) негіздегі топырақтардың жалпы және жергілікті сүзілулік беріктігі және де жалпы сүзілулік беріктікті тек негіздің таутасты емес топырақтары үшін ғана бағалайды, ал жергіліктісін-топырақтардың барлық түрлері үшін.

41. Сүзілулік ағын сипаттамаларын, оны үлгілеу жолымен, сүзілулік ағынның белсенді аймақтарына түсетін, әдетте, топырақтардың суәткізгіштігі мен суффозиялық орнықтылық жағынан ең бастылыларын ерекшелеп топырақ сілемінің геологиялық құрылымын білдіретін негіз үлгілерін (сұлбаларын) пайдалана негіздің физикалық немесе математикалық сүзілулік үлгілері арқылы анықтайды. Бұл аймақтар шекаралары, құрылыстың жерасты пішінінің белгіленген әлшемдері мен үйлесімдеріне сүйенген алдын-ала есептеулер арқылы анықталады.

42. Таутасты емес негіздің жалпы сүзілулік беріктігін қамтамасыз ету әлшемі ретінде, негіздің қарастырылатын аймағындағы жергілікті сүзілулік беріктігі сенімділік еселігі ескерілген жағдайдағы қысымның шекті градиентінің орташаланған есептік мәнінен кіші немесе тең деген шарт қабылданады. I және II топтағы құрылыстар негіздерінің жергілікті сүзілулік беріктігі ұзартылған пішіндік сызықтар әдісімен анықталынады. Жекеленген жағдайларда басқа да жуық әдістер қолданылады.

43. Таутасты емес негіздің жергілікті сүзілулік беріктігін қамтамасыз ету әлшемі ретінде, негіздің қарастырылатын аймағындағы жергілікті сүзілулік беріктігі қауіпсіздік еселігі ескерілген жағдайдағы қысымның шекті градиентінен кіші немесе тең деген шарт қабылданады. Таутасты емес негіздің жергілікті сүзілулік беріктігін тек келесі аймақтарында анықтайды:

1) сүзілулік ағынның негіз қабатынан төменгі бъефке, құрғату құрылғысына және сондай сипаттағы шығу (бәсеңдеу) жерлерінде, суффозиялық-орнықсыз топырақтар қабатшаларында;

2) сүзілулік ағын қысымының құлауы үлкен, мысалы, жерасты бәгеттерді айналып ағу жерлерде, сүзілулік қасиеттері мен құрылымдары едәуір басқа топырақтардың түйісу жерлерінде.

44. Таутасты негіздердің жергілікті сүзілулік беріктігін қамтамасыз ету әлшемі ретінде, негіз сілемінің жарықтарындағы су қозғалысының орташа жылдамдығы, қауіпсіздік еселігі ескерілген жағдайдағы, жарықтар ішіндегі су қозғалысының шекті жылдамдығынан кіші немесе тең деген шарт қабылданады.

45. Қысымдық құрылыстардың жерасты пішіндерін жобалау, әрекеттегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Жобаланатын құрылыс негізіндегі құрғату жүйесі мен сүзілуге қарсы құрылғыларды таңдағанда, оның пайдаланылу, инженерлік-геологиялық жағдайлары және су

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

деңгейінің көтерілуі, жапсарлас аймақтардың батпақтануы, карст-суффозиялық үрдістердің жандануы және тағы сол сияқты жайларға қарасты қоршаған ортаны қорғау талаптары ескеріледі.

46. Таутасты емес негіздерде сүзілуге қарсы бүркеулерді жобалағанда, қысымның аумалы градиенттері ескеріледі: майдатасты және малтатасты топырақтардағы, ұсақ, ірі және ірілігі орташа құмдардағы инъекциялық бүркеулерде жеке-жеке. «Топырақтағы қабырға» әдісімен орнатылатын бүркеуде сүзілу еселіктері..

47. Таутасты негіздегі сүзілуге қарсы(цементтелетін) бүркеу жобаланғанда, бүркеудегі қысымның аумалы градиенті бүркеу бойынша меншікті су сіңірулікке байланысты қабылданады. Бүркеу (жеке әзі немесе басқа да сүзілуге қарсы құрылғылармен бірге) негіздегі еритін топырақтарды сілтісізденуден қорғайтын болса, рауалы меншікті су сіңірулік есептеулермен және тәжірибелік зерттеулермен негізделеді.

48. Қысым градиенттері бірге жуық сүзілулік ағын негіз бетіне шығатын жерлерде топырақтың жоғары ығысуын болдырмау үшін, жобада әткізгіш қатарлас жүк немесе қысым түсіретін құрғатқыш қарастырылады. Қатарлас жүк материалы, негіз топырағын түйісулік суффозиядан қорғайтын кері сүзгі қағидаты бойынша таңдалады. Бірыңғай әткізгіш және біртекті негіз үшін қатарлас жүктің қажетті қалыңдығы анықталады.

4-параграф. Таутасты негіздердің жергілікті беріктігін есептеу

49. Гидротехникалық құрылыстардың таутасты негіздерінің жергілікті беріктігін келесі жағдайларды анықтауға есептейді: сүзілуге қарсы құрылғылардың істен шығу мүмкіндігін болдырмайтын шараларды белгілеу; құрылыстардың беріктігін, орнықтылығын жоғарылататын шараларды және құрылыс пен негіздің кернеулік-деформациялық күйінің есептеулеріндегі жергілікті беріктіктің шегіне жетуін ескеру үшін. Жергілікті беріктіктің есептелуі I топтағы құрылыстар негіздері үшін шекті күйлердің екінші тобы бойынша, жүктемелердің негізгі бірлесу түріне сай, жүргізіледі.

50. Жартас негіздерінің беріктілігін жергілікті тексеруді есептік алаңдар бойынша жүргізеді:

1) массивтің жарықтарына бейімделген, жазықтықтармен сәйкес келетін; жазықтықпен сәйкес келетін, байланысқа бейімделген құрылыс – негіз;

2) жазықтықтармен сәйкес келмейтін, жарықтар мен байланысқа бейімделген құрылыс – негіз.

51. Жеке жазықтық бойынша жергілікті беріктіктің қамтамасыз етілу шарты оның есептік жазықтықта шекті жанама кернеулердің пайдалану кернеулерден аспауы. Жарықтар мен түйісуге жатқызылмаған есептік жеке жазықтықтардағы жанамалық және тік кернеулер арасындағы байланыс, ішкі үйкеліс бұрышы мен ілініс күшін анықтау барысында, ортақ сызықты

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

тәуелділік арқылы үлкен дәлсіздікпен сипатталатын жағдайларда, бұл байланыстың кесек-сызықты жуықтау немесе шаршы парабола түріндегі сызықты емес тәуелділіктерді пайдалану ескеріледі. Цементтелетін бүркеулер шектерінде жергілікті беріктік шарттары орындалмаса, сүзілулік жағдайдың әзгерулерін ескеретін сүзілу есептеулері жүргізіледі.

52. Кернеулер анықталғанда тұтас орта механикасы мен геомеханикалардың есептеу және тәжірибелік әдістері қолданылады. Негізді құрылыспен бірге, түйісулерінде тепе-теңдік шарттары және ауытқулар теңдігі орындалатын сызықты-деформацияланатын денелер жүйесі түрінде де қарастыруға болады. Негіздеме болганда, бір немесе бірнеше жазық қималарға қолданылатын серпінділік қағидасының жазықтық есебін шығаруға мүмкіндік беретін құрылыс-негіз жүйесін сұлбалауға да болады. Бұл жағдайда негіз беті жазықтық түрінде қабылданады, ал негіз – біртекті немесе бірнеше біртекті бәліктерден немесе сипаттамалары үздіксіз әзгеретін болып құралған деп саналады. Негіз бетінің табиғи бедері, құрылыс – негіз жүйесі жұмысының кеңістік сипаты, сондай-ақ, негіздің механикалық сипаттамаларының таралу талдануы ескеріледі. Егер негіз аймақтарының кейбіреулерінде кернеулерді анықтағанда бір (немесе бірнеше) шарттар орындалмаса, есеп шешімі айқындалады. Айқындау, кернеулер мен деформациялар араларындағы сызықты емес тәуелділікті пайдалану немесе қима геометриясын, аталған аймақтарды қарастырудан шығарып әзгерту, арқылы жүзеге асырылады.

5-параграф. Таутасты емес негіздердегі құрылыстар үшін түйісу кернеулерін анықтау

53. Түйісу кернеулерін (құрылыс-негіз түйіскен жеріндегі тік және жанама кернеулер) конструкциялар мен құрылыстардың беріктігін есептеу үшін анықтайды, сонымен қатар, негіздердің кәтеру қабілеті және деформациялар бойынша есептеулерінде. Түйісу кернеулерін анықтағанда құрылыстың конструктивтік ерекшеліктері, негіздің орнату реті мен түрі ескеріледі. Конструкциялардағы немесе құрылыс элементтеріндегі есептік күштерді азайту мақсатында жобалау барысында құрылыстардың түйісу беттерінде дәңестер орнатылуы, негіздің жеке жерлерінің тығыздалуы және құрылыстың сәйкес орнатылу реттері ескеріле, түйісу кернеулерінің оңтайлы таралуын туғызу мүмкіндігі қарастырылады.

54. Таутасты негіздердегі құрылыстар үшін түйісу кернеулері ортадан тыс сығу әдісімен анықталады, ал қажетті жағдайларда I және II топтардағы құрылыстар үшін құрылыс-негіз жүйесінің кернеулік күйін, тұтас орта механикасының әдістерін пайдалана жүргізілген есептеулер нәтижелері бойынша.

55. Таутасты емес негіздердегі құрылыстар үшін түйісу кернеулерді анықтағанда құрылыстың иілу кәрсеткіші ескеріледі.

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

56. Жазық деформация сұлбасы бойынша есептелінетін I және II топтардағы қатқыл құрылыстар үшін, тік түйісу кернеулері тұтас орта механикасының (сызықты немесе сызықты емес серпімділік, иленгіштік қағидаларының) әдістерімен анықталынады. Бұл кернеулер III және IV топтардағы құрылыстар үшін ортадан тыс сығу немесе тәсем еселігі әдістерімен анықталады. Борпылдақ құмды негіздер үшін тәжірибелік эпюралар әдісі қолданылады.

57. Гидротехникалық құрылыстардың беріктігін есептеу үшін түйісу кернеулердің эпюралары тұтас орта механикасы, ортадан тыс сығу, тәсем еселігі және тәжірибелік эпюралар әдістері бойынша анықталады. Егер, бұл жағдайда иілуші момент күштердің белгілері әр түрлі болса, онда беріктікті есептеу барысында осы шамалардың 10 % азайтылған екі мәнің де қолдану ұсынылады, ал белгілері бірдей болса, онда тек кәрсетілген шамаға сәйкес азайтылған үлкен иілуші момменттің мәндері қолданылады.

58. Түйісу кернеулерін құрылыстың иілгіштігін ескере анықтағанда, тәсем еселігі әдісі, сондай-ақ, серпінді және серпінді-иленгіштік есептер шешімдері де қолданылады. Және де құрылыс, оның сұлбасына байланысты, жазық немесе кеңістік конструкция (арқалық, тақта, қаңқа) түрлерінде қарастырылады. Конструкциялар элементтерінің иілгіштігі жарықтар пайда болу мүмкіндігі ескеріле анықталады. Тәсем еселігі және ортадан тыс сығу әдістері қолданылғанда, жанама кернеулер біркелкі таралған деп қабылданады. Тік күштер әсерінен пайда болған жанама кернеулер құрылыстар беріктігін есептегенде ескерілмейді.

59. Әртекті негіздердегі құрылыстар табаны бойынша әсер ететін тік түйісу кернеулері біртекті негіздер үшін де қолданылатын әдістер бойынша анықталады. Серпімділік және иілгіштік қағидаларының әдістерін пайдаланғанда топырақтардың әртектілігі негіздің әр тұрлі аймақтарында сәйкес есептік деформациялану және беріктік сипаттамаларын белгілеу арқылы ескеріледі. Түйісу кернеулерін ортадан тыс сығу әдісімен анықтағанда негіздің әртектілігін ескереді немесе тәсем еселігі, тәжірибелік эпюралар әдістері пайдаланылады.

60. Түйісу кернеулерін, қабаттары тік және құламалы негіздер жағдайында есептеп анықтағанда, тұтас орта механикасының әдістері пайдаланылады, соның ішінде, әр қабаттың әлшеулеріне және жүктеме тыс түсуіне байланысты, топырақтың деформация модуліне тура тәуелді түрінде қабылданатын есептер шығарудың сандық немесе жуықтау әдістері де. Әрбір қабат шектерінде түйісу кернеулер сызықты түрде таралған деп қабылданады.

61. Негіз, қалыңдығы ауыспалы немесе кәлбеу жатқан қабаттардан құралған болса, түйісу кернеулерін есептеп анықтағанда тұтас орта механикасының әдістері пайдаланылады, соның ішінде, қалыңдықтары ауыспалы немесе кәлбеу орналасқан қабаттар жағдайларындағы негіздің келтірінді есептік сұлбаларына негізделген есептер шығарудың сандық немесе

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

жуықтау әдістері де. Қалыңдығы тұрақты топырақ қабаттары кәлденең орналасқанда негіз әртектілігін ескермеуге болады.

62. Тік түйісу кернеулері тәжірибелік эпюралар және тәсем еселігі әдістерімен анықталғанда, негіздің әртектілігі, біртекті деп қабылданған негіз үшін анықталған эпюралар ординаталары мен қосымша эпюра ординаталарының қосындысы арқылы ескеріледі. Қосымша эпюра ординаталары әртекті және біртекті негіздер жағдайларында ортадан тыс сығу әдісімен салынған эпюралар айырымына тең етіп қабылданады.

6-параграф. Құрылыстар мен топырақтық материалдардан тұратын бәгеттер негіздерін деформациялар бойынша есептеу

63. Құрылыстар мен топырақтық материалдардан тұратын бәгеттер негіздерінің деформациялар бойынша есептелінуі, ауытқулар (шәгулер, кәлденең ауытқулар, жантаюлар, кәлденең бағытты айнала бұрылулар және тағы да басқа) бүкіл құрылыстың немесе оның жеке бәліктерінің қалыпты жағдайларда пайдаланатынына кепілдік беретін шамалармен шектеліп және қажетті тәзімділікті қамтамасыз ететін құрылыс – негіз жүйелері конструкцияларын таңдау мақсатымен жүргізіледі. Және де конструкцияның беріктігі мен жарық пайда болуына деген тәзімділігі, құрылыстың негізбен әрекеттестену кезіндегі әсерлер ескеріліп, есептелумен дәлелденеді. Деформациялар бойынша есептеу жүктемелердің негізгі бірігу түріне, құрылыстың құрылыс барысында және пайдалану кезінде (құрылыстың тұрғызылу реті мен жылдамдығы, су қоймасының толтырылу графигі және тағы сол сияқты) олардың әсер ету сипаты ескеріліп, жүргізіледі. Құрылыс барысындағы құрылыстар негіздерінің ауытқуларын ескермеуге болады, егер олар құрылыстың пайдалану жарамдылығына әсер етпейтін болса.

64. Деформациялар бойынша есептеу негіз бен құрылыстың ортақ біріккен деформациясы (шәгулер, кәлденең ауытқулар, жантаюлар, тік бағытты айнала бұрылулар және тағы да басқалар) негіз бен құрылыстың ортақ деформациясының шекті мәнінен аспайды деген шарт бойынша жүргізіледі.

65. Негіз бен құрылыстың ортақ деформациясының шекті мәндері сәйкес құрылыстар жобалау нормаларында белгіленеді.

66. Ортақ деформациялар есептелуі кеністік есеп жағдайы бойынша жүргізіледі. Ұзындығы енінен үш есе асатын құрылыстар үшін есептелу жазық деформация жағдайлары бойынша жүргізілу мүмкін. Құрылыс ені сығылатын қабат қалыңдығынан екі және одан кәп есе асатын жағдайда есептелуді бірәлшемдік (компрессиялық) есеп жағдайлары бойынша жүргізуге болады.

67. Деформациялар бойынша есептелуде барлық санаттағы топырақтар үшін шекті (тұрақталған) негіз топырақтарының деформациялануының аяқталған үрдісіне сай келетін ауытқулары, ал сазбалшықты топырақтар үшін-одан басқа, аяқталмаған деформациялану үрдісіне сай келетін тұрақталмаған

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

ауытқулар мәндері және негіз топырақтарының жылжымалығынан пайда болатын ауытқулар анықталады.

68. Негіз деформацияларын иленгіштік деформациялардың пайда болуы мен дамуын ескермейтін есептік сұлбалар пайдаланылуымен жүргізілген есептеулерде құрылыс табанының астындағы орташа қысым негіз топырағының есептік кедергісінен аспайды.

69. Таутасты емес негіздерде орналасқан құрылыстардың шәгу шегі, құрылыстар табанының астындағы орташа қысым негіз топырағының есептік кедергісінен аспаған жағдайда, сығылатын қабат бойынша, қабаттап жинақтау әдісімен анықталынады.

70. Құрылыс табанының астындағы орташа қысым негіз топырағының есептік кедергісінен асатын болса шәгуді, топырақтар деформациялануының серпінді-иленгіштік сипатын, кеңістік кернеулік күйді, құрылыстың орнатылу ретін ескеретін сандық әдістермен анықтайды.

71. Белгілі бір уақыттағы тұрақталмаған шәгу топырақтың бастапқы және жалғасқан нығая сығылу дәрежелері мен жылжымалылық әлшемдері ескеріле анықталынады. Топырақтың жылжымалылық әлшемдері суы сығыла нығаю сұлбасы бойынша компрессиялық сынақтаулар нәтижелерінен анықталады. Бастапқы нығая сығылу дәрежесі нығая сығылудың бірбағыттық, жазықтық немесе кеңістік есептер шешімдерінен анықталады. Жалғасқан нығая сығылу дәрежесін бірбағыттық, жазықтық немесе кеңістік есептер шешімдері бойынша, топырақтың жылжымалылық қасиеттерін ескеріп, анықтайды.

72. Құрылыстардың жантаюы (еңкеюі) құрылыс енінің шектеріндегі ортадан тыс түсетін жүктемеден, құрылыс табанынан тыс қатарлас жүктен және құрылыс денесіндегі салынған топырақтың нығыздалуынан негізге түсетін жүктеменің ортадан тыс түсу жағдайында анықталады.

73. Табаны тікбұрышты құрылыстардың, құрылыс енінің шектеріндегі тік жүктеменің ортадан тыс түсуінен пайда болған жантаюы, сүзілулік күштер ескерілмеген, біртекті және кәлденең қабаттасқан негіз жағдайында, құрылыс табанының үлкен және кіші жақтары бойынша анықталады.

74. Құрылыс жантаюын, сондай-ақ, құрылыс табанынан тыс, негізге түскен қатарлас жүктен де анықтайды. Қатарлас жүк, толтырылатын құрылыс шұңқырының пішініне байланысты тікбұрышты, үшбұрышты немесе трапеция тәріздес эпюралармен жуықтатылады.

75. Құрылыстардың және олардың кәлденең жүктеме қабылдайтын (сүйеме қабырғалар, анкерлік құрылғылар) элементтерінің кәлденең ауытқулары, иленгіштік деформациялар аймақтарының дамуын (иленгіштік ағу қағидасы бойынша) ескеретін әдістермен анықталады. Кемежайлық гидротехникалық құрылыстардың гравитациялық және анкерленген шпунттық сүйеме қабырғалар негіздерінің кәлденең ауытқуларын тексермеуге болады.

76. Құрылыстың беріктігімен және орнықтылығымен байланысты анкерліккұрылғыларыныңжәнебасқаэлементтерініңкәлденең

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

ауытқуларының есептеулері топырақ сипаттамалары мен жүктемелердің шекті күйлердің бірінші тобына сай жағдайларда орындалады.

77. Құрылыстардың тұрақталмаған кәлденең ауытқулары белгілі уақыт мезгіліне анықталады. Құрылыстың кәлденең ауытқуы құрылыс-негіз жүйесінің кәлденең ығысу бойынша шекті тепе-теңдікке жетуіне сай келеді. Есептелуде сызықты емес серпімділік қағидасының, нығая сығылу немесе тұтқырлыиленгіштік қағидаларының шешімдері пайдаланылады. Және де бәгеттер әзектерінің иленгіш топырақтар әткізгіштігінің нығая сығылу барысындағы тығыздықпен, суға қанығумен және басқа жайттармен байланысы ескеріледі.

78. Бәгеттің шәгуі негіз бен бәгет денесі шәгулерінің қосындысы түрінде анықталады. Бәгет денесі мен негізінің шәгулерін есептік тік бағытта қабаттап жинақтау әдісімен анықтауға болады. Таутасты негіздің шәгулері мен кәлденең ауытқуларын ескермеуге болады.

79. Есептеулер арқылы:

1) құрылыстық шәгулер - құрылысы аяқталған кездегі бәгет нүктелерінің тік бағыттағы ауытқулары;

2) пайдаланулық шәгулер - құрылысы аяқталған кезден негіз топырақтарының және бәтет денесінің нығая сығылуларының аяқталуына дейін әтетін бәгет нүктелерінің тік бағыттағы қосымша ауытқулары;

3) бәгет денесі және негізі топырағының қосынды шәгулері анықталынады.

80. Құрылыстық кәтеруді есептеу үшін бәгет жотасының шәгуін анықтайды. бәгетке салынатын топырақтың қосымша кәлемін нақтылау үшін нығая сығылу біткен кездегі топырақтың қосынды сығылуы мен бәгет пішіні нүктелерінің пайдаланулық шәгулері арасындағы айырмашылық анықталынады.

81. Таутасты негіздердегі құрылыстардың ауытқулары тек I топтағы құрылыстар үшін есептелінеді.

82. Ауытқуларды есептегенде егер, құрылыстың қысым ені мен құрылысқа түсетін қысым арақатынасы бестен аспаса-кеңістік есеп, ал асатын болса жазық есеп қарастырылады. Бұл жағдайда құрылыстар ауытқуларын есептеу үшін сызықты және сызықты емес серпімділік қағидасының әдістері қолданылады. Есептеулерде негіздің сығылу қабатының шартты қалыңдығы құрылыс табанының еніне тең етіліп қабылданады. Құрылыстың техникалық-экономикалық негіздеме кезеңінде таутасты негізді сызықты-деформацияланатын орта түрінде қарастыруға болады.

83. Құрылыстардың ауытқуларын анықтағанда су қоймасының аңқа тәсеміне түсетін топырақ (үйінділер немесе салындылар) қысымы, негіздегі кәлемдік сүзілу күштері, құрылыстан негізге берілетін жүктемелер және су қоймасы толтырылғандағы жағалауларындағы судың қалқыту әсерлері ескеріледі. Тар каньондардағы беткейлердің ауытқулары есептелінгенде судың

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 07.12.2018.

қалқыту әсері мен су қоймасы жобалық белгіге дейін толтырылғандағы сүзілулік күштер ескеріледі.

7-параграф. Сейсмикалық аудандарда тұрғызылатын құрылыстар негіздерін жобалау ерекшеліктері

